



Ақмешіт

20 шілде
сенбі

№57 (2067)

2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Биыл Солтүстік Аралды сақтау жөніндегі жобаның екінші кезеңі басталмақ. Бұл туралы Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Сыр өңіріне сапары барысында тұрғындармен кездесуде айтты.

Аралды сақтау: Жобаның екінші кезеңі басталады



– Жобаның бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша Көкарал бөгеті салынды және Солтүстік Аралдағы су көлемі 27,1 млрд текше метрге жетті. Екінші кезең су ресурстарын басқаруды жақсартуға, балық шаруашылығы мен экотуризмді дамытуға, өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға және Солтүстік Арал теңізінде су жинақтаудың көлемі мен тиімділігін арттыруға арналған, – деді министр.

Жоба негізгі үш бағыттан тұрады. Біріншісі – Солтүстік Арал мен Сырдария өзені саласындағы инфрақұрылымды дамыту және гидрологиялық жағдайын жақсарту. Екіншісі – Қызылорда облысындағы тұрақты экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайға қолдау көрсету. Үшіншісі – су ресурстарын басқарудың ақпараттық базасы мен жүйелерін жаңартуға қамтыды.

Бүгінде сала мамандары дүниежүзілік банктің гранты есебінен жоба бойынша қажетті құжаттама әзірлеуде.

Сондай-ақ Арал ауданындағы Ақшатау және Камыстыбас көлдеріне су жинау үшін Су ресурстары және ирригация министрі Аманжол Аманжолұлының жанында су торабын салуды жоспарлап отыр. Қараөзек каналында жаңа су қоймасын салу ниетті. Бұдан бөлек, Жиделі су қоймасы мен Қызылорда су торабын кешенді реконструкциялау жоспарлануда. Ал 2025-2026 жылдары Жанақорған ауданындағы «Келінтөбе» магистральды каналы мен Шиелі ауданындағы Сұлутөбе ауылдық округіне Сырдария өзенінен су жіберу үшін қосымша каналдар салу жоспарланған.

– Бұл іс-шаралар облыстың ауыл шаруашылығын суармалы сумен неғұрлым тиімді қамтамасыз ету үшін және өңірдің су нысандарын сақтауға қажет, – деді министр Нұржан Нұржігітов.

«Ақмешіт-ақпарат»

УӘДЕ

Сейдуали ӘБДІҚАДЫРОВ,
Қосшыңырау ауылдық округінің әкімі:

УӘДЕ БЕРДІМ БЕ, ОНЫ ОРЫНДАУ — МІНДЕТІМ



Қосшыңыраудағы қос ауылда талай уақыттан бері қордаланған түйткілдер бар еді... Жыл санап жанарып келе жатқан аймақтың іргесіндегі елді мекендегі бүгінгі ахуал қандай? Қазақтың маңдайы жарқыраған Иран-Ғайыптай ақынның туған жерінде қандай өзгерістер болды? Алты айда ауыз толтырып айтар жетістікке жете алдық па? «Уәде» айдарының мінберінде бүгін Қосшыңырау ауылдық округінің әкімі Сейдуали Әбдіқадиров сауалдарымызға жауап берді.

3-БЕТТЕ

Кейінгі жылдары елдегі несие саясатына бақылау күшейді. Құқықтық қадағалау, қаржылық қағидалар өзгеріп, халықтың несие жүктемесін азайтуға бағытталған бастамаларды көріп жүрміз. Биылда өзгеріс жалғасын тауып, алғашқы қадамды Президенттің өзі жасады. Анығы, 19 маусымда «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Бұл құжат интернет алаяқтардың жолын кесу, азаматтардың құқықын қорғау, борышкерлерді азайту секілді әлеуметтік мәселерді шешуге бағытталмақ. Тақырыпты тарқатып көрейік.



НЕСИЕ: жаңа заңда жәрдем бар

Алаяқтық азая ма?

Бүгінде алаяқтар түрі айла қолданып, қазақстандықтарды алдап жүр. Қазақстандықтар деп бөле сөйлеудің жөні бар. Себебі ғаламтор мен ұялы байланыс арқылы елді арбап жүргендердің дені – шетелдіктер. Олар екінші деңгейлі банкілердің атын жамылып, құрбанына қолға тимейтін қаржыны несиеге рәсімдеуге үйдейді. Осылайша, қылмыскер адамдардың жек ақпаратқа қол жеткізе отырып, олардың банкілік шотынан ақша алуды әдетке айналдырған. Өткен жылдың өзінде осы мәңдес 2 мыңға жуық қылмыс тіркеліпті.

Оқпалық күн тәртібіне көтерілген заңгерлер мен сала мамандары түрлі шешім ұсынды. Соның бірі жаңа заңда көрініс тапқанын байқауға болады. Аталған заң талабына сәйкес, мұндай жағдайда банк немесе микроқаржы ұйымы зардап шеккен азаматтың бүлінген кредиттік тарихын тазалап беруге міндеттеледі. Алдымен клиенттен банктік қарыз бойынша берешекті өндіріп алуды доғарады. Кейін зардап шегушінің үстінен сотқа талап-арыз беру жұмысын тоқтатады. Соңғысы, банктік қарыз бойынша берешегі бар деген жазбаларды жою арқылы клиенттің кредиттік бюролардағы кредиттік тарихына оң өзгеріс енгізеді. Тек жәбірленушінің қолында құқық қорғау органдарының арнайы анықтамасы болуы шарт. Бәрі заң аясында жүзеге асса, 3 күн ішінде мәселеге нүкте қойыламыз.

«Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап, алаяқтардың ықпалымен рәсімделгенін дәлелдейтін сот актілері бар берешектер тегіс кешіріледі. Алаяқтық әрекеттерге жол бермеу үшін онлайн қарыздар бойынша міндетті түрде биометриялық сәйкестендіру енгізілді. Бұған дейін кредиттік бюрода азаматтардың несие алудан ерікті түрде бас тартқаны туралы мәлімет болған жағдайда қарыз беруге тыйым салынған еді. Осы заңда аталған тыйымды бұза отырып берілген қарыздар бойынша берешекті қаржы институттарының кешіру талабы енгізілді. Бірақ бұл тыйым ломбардтар берген микрокредиттерге таралмайды», – деп түсіндірді Ақорда.

Тауда бұл заңға қатысты Үкімет басшысы Олжас Бектенов депутаттарға жазбаша түсініктеме берген болатын. Оның айтуынша, кредиттерді рәсімдеуге байланысты



алаықтық қылмыстардың жолын кесу мақсатында ПМ Бас прокуратурамен, Ұлттық банкпен, Қаржылық мониторинг агенттігімен, Қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп, тұрақты негізде талдау жұмыстарын жүргізуде.

«Соның негізінде жүйелі шаралар, заңнамалық түзетулер қабылданып жатыр. Мысалға, Қаржы нарығын реттеу агенттігі әзірлеген, «кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру» мәселелеріне арналған жаңа заң биыл күшіне енеді. Оған сәйкес, егер кредит клиенттің қатысуынсыз, алаяқтық жолмен рәсімделгені анықталса және тиісті сот шешімі заңды күшіне енсе, мұндай жағдайда қаржы ұйымы клиенттен қарызды өтеуді талап етуін доғарады және клиентке келтірілген шығынды өтейді», – деді Премьер-министр.

Есте болса, Үкімет басшысы тақырыпқа қатысты заңнан бөлек қолданылатын шараларды да атап өткен болатын. Әсіресе мемлекеттік құрылымдардың байланыс номіріне қатысты бірізділік қалыптасатынын жеткізді. Бұл – маңызды әрекет. Өйткені көбі құзырлы органдардың телефон номірлерін білмейді әрі осыны пайдаланған алаяқтар прокуратура, ішкі істер органы және басқа құрылымдардың қызметкері болып, көрінген номірден қоңырау шалу көбейген.

«Цифрлық даму министрлігі құзырлы органдардың номірлерін жасақтайды. Сондай-ақ 2023 жылы еліміздің барлық өңірлерінде «CyberPol» мамандандырылған топтары құрылып, жұмыс істеуде. Жылдың басынан бері олар алаяқтардың 79 миллион теңгені шығарып әкету талаптарын тоқтатып, 50,1 млн теңгені бұғаттады», – деді Үкімет басшысы.

2-БЕТТЕ

«Қызылорда-Жезқазған»: Биыл 140 шақырым бітуі тиіс



Сан жылдан бері күрмеуі шешілмей келе жатқан түйткіл – Қызылорда-Жезқазған жолының биыл 140 шақырым бітуі тиіс. ҚР Көлік министрі Марат Қарабаевтың сапарында мердігерлерге осы тапсырма міндеттелді.

Толарасқан саз кешіп, батпақтап жүріп, елге әрэн жететін жолаушылардың тақтайдай тегіс, заманауи жолмен сырғуына аз қалды. Бүгінгі Астана мен бұрынғы астананың арасын жалғайтын республикалық маңызы бар жолдың жалпы ұзындығы 424 шақырымға жетеді. Қызылорда облысының аумағына осы көлемнің 216 шақырымы қарайды. Биыл оның 140 шақырымындағы құрылыс аяқталуы тиіс. Жобаға жалпы көлемі 108,5 миллиард теңге қаралған.

3-БЕТТЕ

ГАЗ БАҒАСЫ ӘЛІ ДЕ ӨСЕДІ

Қымбатшылық қалмай қойды. Азық-түлікті айтпағанда, бір жылда коммуналдық қызметтер құны 11%-ға өскен. Нақтырақ айтсақ, су тарту жүйесі қызметінің құны 43,9 пайызға, суық су 35,9 пайызға, ыстық су 35 пайызға, жылжу 33 пайызға, электр қуаты 31,4 пайызға, қоқыс шығару 31,2 пайызға қымбаттаған. Алайда газ бағамына қатысты түйткіл ел назарын аударуда.

Басқа басқа, «көгілдір отын» бағасы өседі дегенге сенбегеніміз анық. Ең азы, бұқаралық көңіл-күй үшін бір деңгейде ұстап тұрарына үміттендік. Мүмкін, «қантар оқиғасының» басталуына түрткі болған тақырыптың қайта қозғалмайтынына сенімді болғандықтан шығар. Әйтеуір, үміт ақталмай, елдегі газ бағасы 14 пайызға қымбаттады. Іле-шала Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев

Үкімет отырысына қатысып, мәселенің себеп-салдарын түсіндіруге тырысты. Айтуынша, тауарлық газдың бекітілген көтерме сауда бағасы бір мың текше метр үшін 23646 теңге, ал тауарлық газдың орташа құны 33169 теңге болды.

– «Газ саласына инвестиция тарту үшін және тауарлық газдың өзіндік құнына қол жеткізу үшін бағаны көтереміз. Халық үшін бағаның

күрт өсуіне жол берілмейді. Газ бағасы біртіндеп көтеріледі. Мәселен, осы жылы 1 шілдеден бастап еліміздің ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағасы қайта қаралып, орта есеппен 14,6 пайызға ұлғайды», – деді министр.

Алмасадам Сәтқалиевтің сөзінше, біздегі баға өзге елдерге қарағанда әлдеқайда төмен, 54-86 теңге аралығында. Ал, Ресейде – 132, Әзербайжанда – 171, Тәжікстанда – 273 теңге. Салдарынан еліміздің көгілдір отыны басқа мемлекеттерге заңсыз экспортталып жатыр. Оның үстіне газдың өзіндік құны да әлдеқайда жоғары. Сондықтан баға алдағы үш жылда сәл көтеріледі.

2-БЕТТЕ



НЕСИЕ: ЖАҢА ЗАҢДА ЖӘРДЕМ БАР

90 күн: жеңілдік пен шектеу

Жасыратыны жоқ, ел азаматтары банктерге белшеден қарыз. Несие көлемі жылдан-жылға артып, 17 триллион 800 миллиард теңгеге жетті. Бір триллионға жуық несие бойынша төлем 90 күннен кешіктірілген. Қарызға батқан халықты құтқарудың жолын іздеу, борыштық жүктемені азайту тақырыбының көтерілетіні де сондықтан. Бұдан әрі жалғасса, әлеуметтік мәселе тығырыққа тірелмек.

Шешімнің бір тармағы жаңа заңда жатыр. Енді елімізде несие беру тәртібі өзгеріп, шарттары қатаңдайды. Мәселен, банк алдындағы берешегін 90 күннен кешіктіргендер қайта қарыз ала алмайды. Сондай-ақ банктер мен микроқаржы ұйымдары жанадан ғана емес, сонымен қатар заң қабылданғанға дейін берілген барлық өтелмеген тұтынушылық несие 90 күн өтелмесе, сыйақы бермейді.

Күшіне енген құжатта өзгеріс көп. Мысалы, әскери қызметшілер мерзімді қызметін өткеру кезінде және демобилизациядан кейін 60 күн ішінде алған қарызына сыйақы есептеуден босатылады. Кәсіпкерлерге қарыз бергендері бар отбасыларды және І, II топтағы мүгедектігі бар адамдарды жылыту маусымында жалғыз баспанасынан мәжбүрлен шығаруға тыйым салынады. Берешекті мәжбүрлен өндіріп алу шараларын қабылдаған кезде қарыз алушының банктік шотында қалуға тиіс ақшасы ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінде болуы керек. 20 айлық есептік көрсеткішке дейінгі әкімшілік айыппұлдарды және салық берешегін өндіріп алу кезінде оңайлатылған іс жүргізу тәртібі енгізілді. Істі әділет органдары автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүргізеді.

– Тежеу болады. Себебі адамдар өздерінің кредиттік тарихын бұзып аламыз ба деген уайым, қорқыныш бар. Сондықтан да адамдар несиеге шынмен керек мақсатқа алуға бағытталған мәдениет қалыптасады. Несие алудың өзі мәдениет, – деді мәжіліс депутаты Самат Нұртаза.

Несие алу үшін жұбайының келісімі керек пе?

Бұл мәселе 24 шілдеге дейін халық талқысына түседі. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жұбайының келісімі қажет болатын несиенің немесе шағын несиенің ең төменгі мөлшерін бекіту және келісімді алу қағидалары туралы қаулы жобасын әзірледі. Құжат «Ашық НҚА» порталында жарияланған.

«Республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген АЕК мөлшерінде банктік қарыз немесе микрокредит алуға жұбайының келісімі қажет болатын тұтынушылық банктік қарыздың немесе тұтынушылық микрокредиттің ең төменгі мөлшері бекітілсін, – деп жазылған құжат жобасында.

Яғни несие сомасы 3692000 теңгеге тең немесе одан асса, күйеуінің немесе әйелінің келісімі қажет болады. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі түсіндіргендей, кредит берерде отбасының бұған дейін алған және төлеп жатқан қарыздары ескеріледі. Мәселен, ерлі-зайыптының 500 АЕК (1846000 теңге) несиесі болса, күйеуі банктен тағы 500 АЕК несие алғысы келсе, онда міндетті түрде әйелі оған өз келісімін беруі керек.

Банк жеке тұлғаға кредит беру туралы шешім қабылдағаннан кейін азаматтық хал актілерінің ақпараттық жүйесі арқылы оның жұбайы туралы ақпаратты тексереді. Кейін жұбайының келісімі жазбаша немесе электронды түрде бекітіледі.

Жанадан енгізілген өзгерістің негізгі мақсаты – несие алумен кезде ерлі-зайыптылардың дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік беру. Бұл – жаңа өзгеріс. Мамандар бұл өзгеріс

Басы 1-бетте

елдегі берешек көлеміне ықпал тигізеді деген пікірде. Сондай-ақ заңға енгізілген түзетулерге қатысты Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Олжас Қизатов БАҚ-қа түсініктеме берген болатын.

– Біріншіден, сенатор, Сергей Карплюк айтқандай, (несиенің сомасын) нормативтік құқықтық акті аясында 1 мың АЕК (1 АЕК – 3692 теңге) деңгейінде болуы керек деп анықтадық. Бұл – шамамен 3,7 млн теңге. Біздің ойымызша, бұл сома қандай да бір шұғыл қажеттілікті жабуға жетеді. Оның ішінде медициналық көмек мәселесі де бар.

Екіншіден, 1 мың АЕК-ті неге көрсеттік? Салық кодексі аясында 2025 жылдан бастап «Қазақстанның барлық азаматы 1 мың айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) асатын активін табыс декларациясында көрсетуі керек» деген норма күшіне енеді. Оның ішінде шетелдік банктердегі есепшоттарда сақталған қаржы да бар. 1 мың АЕК міндетті түрде декларацияда көрсетілуі керек. Келісім (несиенің сомасы) 1 мың АЕК-тен (3,7 млн теңге) асқанда керек», – деді маман.

Айта кетейік, жаңа жоба қоғамдық талқылау үшін «Ашық заңды тұлғалар» порталында орналастырылған. Қабылдана, ережелер биылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енеді.

Енді коллектор мазаламайды

Банкке берешегі бардың «жауына» айналған қызметкер – коллектор. Орынсыз мазалап, қарызды қайтаруды талап ететін маманнан мезі болғандар қаншама. Тіпті жаға жыртасып, арты қылмыстық оқиғаға ұласқан жайттар көбейді. Сондықтан жаңа заңның жәрдемі бұл тақырыпқа да тиген тәрізді. Олай дейтініміз, шілдеден бастап мораторий енгізілді. Енді 2026



жылғы 1 мамырға дейін банктер мен микроқаржы ұйымдарына азаматтардың қарызын коллекторлық агенттіктерге беруге тыйым салынады. Ал мораторий аяқталған соң, яғни 2026 жылдың мамырынан бастап жеке тұлғалардың берешектерін коллекторлық агенттіктерге сату шарттары қатаңдатылады.

Заңдағы бұл өзгерісті 15 жылдық тәжірибесі бар заңгер Толағай Сағынтаевтан сұраған болатынбыз. Маманың айтуынша, коллекторлық компанияға мораторий жариялануы мәселені толық шешпейді. Коллекторлар қарызды қайтарудың балама жолын табуы мүмкін екен.

«Коллекторлар проблемалық кредиттерді сатып алмай-ақ өндіріп алуға жалғастыра алады. Кредиттер осы кезең ішінде проблемалық қарыз алушылармен жұмыс істеуге жауапты банктер мен МҚҰ-да қалады. 2026 жылғы 1 мамырдан бастап, коллекторларға, егер мерзімі өткен берешек уақыты

екі жылдан асқан жағдайда ғана азаматтардың кредиттері берілетін болады. Егер адам кредит үшін төлем бойынша 90 күннен астам төлем мерзімін өткізіп алса, онда мұндай кредит бойынша банктер мен МҚҰ екі жыл ішінде коллекторлық агенттіктерге беруге, сатуға құқығы болмайды.

Алайда ескеретін жайт, бұл 2 жыл несие қарызын бермеуге болады деген сөз емес. Ол қате ұғым деп ойлаймын. Заңдық тұрғыда қарызды қайтарудың жолы көп. Сондықтан жауапкершіліктен қашу орынсыз», – деп түсіндірді заңгер.

90 пайызы 1 млн теңгеге дейінгі, яғни 3 орташа айлық жалақы көлемінде берешегі бар. Бірақ соған қарамастан, бұл азаматтар өз несиелерін жаппаған. Неліктен? Халықтың қаржылық сауатсыздығы ма, әлде статистикада қате бар ма? Шамасы, екі нұсқа да қисынға келетіндей.

Әрине, табысы несиені үш бөліп-ақ жабуға жететін адам айлап жүрмесе керек деген ой қылан берері анық. Алайда мына дерекке назар аударайық. Қазақстандағы Қаржы нарығын реттеу агенттігінің зерттеуінше, 2023 жылы елдегі қаржылық сауаттылық индексі 40,5%-ды құраған. Респонденттердің тек 30,2%-ы қаржылық мәселелерде өз бетінше шешім қабылдай алатынын көрсеткен. Демек, жоғарыдағы статистикалық көрсеткіштер халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша жүйелі жұмыс қажеттігін көрсетеді.

Тауда Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, қазір азаматтардың екі және одан да көп несиесі барын мәлімдеді. Салыстырар болсақ, былтыр 9 млн қарыз алушымен 19 млн кредиттік шарт жасалған. Яғни 1,5 миллионнан астам адам 3 немесе одан да көп несие алған деген сөз. Оның 1,3 миллионы екінші деңгейлі банктерге тиесілі. Демек, халықтың қаржылық жоспарында шикілік сезіледі.

Табыс көлеміне қатысты статистикаға келсек. Бүгінде орташа жалақы мөлшері анық. Экономикалық есепке салсақ, қарызсыз өмір сүруге жетуі керек. Бірақ іс кейін кетіп тұр. Неліктен? Неге халықтың төлем қабілеті нашар?

Бүгінде халықтың төлем қабілетін бағалау 12 критерий бойынша жүзеге асырылады. Оның ішінде банк аударымдары, жалақы мөлшері секілді статистика ескеріледі. Мұнда да бәрі орында. Демек, төлем қабілетіне әсер етіп отырған өзге экономикалық тетік бар. Мамандар мұны инфляция деңгейінен көреді.

Соңғы жылдары халық табысын тым күнсыздандырып жіберді. Табыс өсті, бірақ бәрінде емес. Бір қарағанда, бәрі дұрыс сияқты көрінгенімен, кіріс бойынша теңсіздік күшейді. Ел ішінде мемлекеттік бағдарламалар инфляцияны жоғарылатып жіберді. Әсіресе, жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар, зейнетақы қаржысын тарату, тұтынушылық несиелердің кешірілуі, мемлекеттік шығындардың көбеюі себеп болып отыр. Ал жоғарғы инфляция өз кезегінде бизнес үшін де, халық үшін де жоғары мөлшерлемеге ықпал ететінін білеміз.

Кінә халықта ма?

Осы орайда, мәселенің бір шеті шығады. Елде азаматтардың қарыз мөлшері мен кіріс деңгейі арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Коллекторлық агенттіктерге берілген қарыздарды талдасақ, 854 мың қарыз алушының

P.S. Мойындау керек, жаңа заңда жәрдем бар. Алайда халықтың қарыз қамтығын босауы тек мемлекеттің қолында емес, азаматтардың қаржылық сауаты мен ұзақмерзімді жоспарына тәуелді екенін түсінсек...

Берен ШАҒЫРОВ

ГАЗ БАҒАСЫ ӘЛІ ДЕ ӨСЕДІ

Кейін жауапты министрлік ілесіп ақпарат таратып, бағаны көтерудің маңызы барын жеткізген. Олардың уәжін сенсек, ішкі нарықты рессейлік бағаға жақындату үшін бағаны түзету қажет. Тіпті төмен баға газ өнеркәсібінің инвестициялық тартымдылығын төмендетеді әрі инвесторлар газ кен орындарын игеруге мүдделі емес.

«Бүгінде Қазақстандағы газдың көтерме бағасы әлемдегі ең төменгі бағалардың бірі болып табылады және шамамен 20640 теңге/мың м³ құрайды. Мысалы, көршілес Ресей Федерациясында баға 35000 теңге/мың м³ деңгейінде қалыптасты. Сонымен қатар Қазақстанда тауарлық газ бағасын ұстап тұру еліміздің кейбір өңірлерінде өнімнің өзіндік құнының бекітілген бағадан 150-200%-ға артуына, сондай-ақ отандық өндіріс әлеуетінің жыл сайын төмендеуіне әкелді», – деп негіздеді энергетика министрлігі бағаны көтеру қажеттілігін.

Сондай-ақ ішкі нарықта тауарлық газды көтерме негізде сатудың шектеу бағасының өсуі өңірге байланысты 3-4,8 теңге/м³, ал республика бойынша орташа өсім 3 теңге/м³ болатынын түсіндірді

Басы 1-бетте

Қазіргі ахуал көңіл көншітпейді. Астана және Ақмола, Қостанай, Қарағанды, Абай, Жетісу, Шығыс Қазақстан және Ұлытау облыстарында сұйылтылған газ литрі 76 теңгеден 84 теңгеге өсті. Батыс Қазақстан, Қызылорда, Түркістан облысы және Шымкент – 64 теңгеден 79 теңгеге, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарында – 54 теңгеден 59 теңгеге қымбаттады. Ал Алматы қаласында, Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарында 81 теңгеден 89 теңгеге өзгерген.

Энергетика министрлігі сондай-ақ тауарлық газ бағасының көтерілуі тұтынушыларға аздап қана әсер ететінін айтты. Орташа есеппен жеке үйге арналған шығындардың жыл сайынғы өсуі айына шамамен 1080 теңгені, пәтер үшін 130 теңгені құрайды.

Жақында экономист Абзал Нарымбетов БАҚ-қа берген сұхбатында бұл үрдістің мәнін түсіндірген екен. Маман сөзінше, бұл қадамға нарық саясаты итермелеуде.

– Қазақстан тәуелсіздік алған соң нарықтық экономикаға өтті. Алайда еліміздегі белгілі

мұнай-газ алпауыттары немесе газ кеніштерінен бағаны қолжетімді етіп сұрау кәсіпорындарға тиімсіз болуы мүмкін. Мәселен, олар өз қалтасынан қаражат шығарып кен қазды, өңдейді, құбыр салып, халыққа жеткізеді. Бәрі ақша мен уақытты талап етеді. Шығындарын сатылған газдан қайтарды. Ал егер бағаны төмендетсе, шығын өтелмейді. Әлемдік нарыққа кіретін болсақ, дүние жүзімен бәсекелесу керек. Мәселен, әлем бойынша сатылып жатқан газ, жанармайдың бағасы қанша болса, соған сәйкестендіру керек.

Қазір көп проблема қайдан туындап жатыр? Кәсіпорындардың көбі қаншама жылдан бері жаңартылмаған. Себебі – бағаның төмен болуы. Кәсіпорындар жеткілікті ақша таппаған соң, ескіре берді. Ал қосымша тапқанын қалтасына салады. Нарықтық экономикаға көпшесек, тығырықтан шыға алмаймыз, – дейді маман.

Сала білгірінің сөзінде де шындық бар. Мәселен, былтыр Қазақстан 27,8 млрд текше метр ғана тауарлық газ өндірді. Оның 19,3 млрд-ы ішкі

нарыққа, 4,6 млрд-ы экспортқа кеткен. Кейінгі 4 жылда еліміздің ішкі тұтыну көлемі 2 млрд текше метрге өскен. Газбен қамтылмаған аймақтар әлі бар, демек, ішкі сұраныс тоқтаусыз еселене бермек. Екіншіден, газ өндіруші компаниялар шығынмен жұмыс істеп келеді.

Жалпы мұнаймен ілесіп шыққан газдың бәрі бірдей нарыққа жол тартпайды. Оның 31 пайызын жер қойнауын пайдаланушылар жерасты қабаттарындағы қысымды ұстап тұру үшін кері жібереді. Мұндай айла-шарғы мұнайды барынша көп шығару үшін жасалады. Тағы бір бөлігі алауда босқа жағылады. Тағы 14 пайызын Karachaganak Petroleum Operating B.V. (Қарашығанак), North Caspian Operating Company N.V. (NCOC, Қашаған) және Теңізшевройл (Теңіз) төл технологиялық мұқтажықтарына жұмсайды. Демек электр энергиясына және көдеге жаратуға пайдаланады.

Мемлекет те қарап жатқан жоқ. Мәселені шешу үшін кешенді жоспар құрған. Соның ішінде маңыздысы – газдандыру көлемін арттыру, газ

транзитін ұлғайту. Бұл қос шешім «көгілдір отынның» келешегін шешпек.

Мысалы, министрдің айтуынша, қазір халықтың 60 пайызына көгілдір отын қолжетімді. Көрсеткішті арттыру үшін алдағы бірнеше жылда газ құбырлары тартылмақ. Олар «Бейнеу-Бозой-Шымкент», «Ақтөбе-Қостанай» және «Талдықорған-Үшарал». Ал биыл газдандыру жұмыстарына 200 миллиард теңгеге жуық қаржы қарастырылған. Ол 300 мыңдай отбасыны «көгілдір отынмен» қамтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ биыл елімізде газ өндіру көлемі 3% артып, 60 миллиард 500 миллион текше метрге жетеді деген болжам бар. Тапшылыққа жол бермей, экспорттық әлеуетті арттыру үшін 2030 жылға дейін «көгілдір отынды» өңдейтін төрт зауыт салу жоспарланған. Олар Қашаған және Қарашығанак кен орындарының шикізаты негізінде жұмыс істемек.

Тариф бағамының көтерілуі бірнеше әлеуметтік секторға әсер ететіні түсінікті. Оның ішінде коммуналдық шығын мен транспорттық баға саясаты құбылмақ. Ал оның салдары уақыт еншісінде.

Е.ЯКУДАЕВ





Биылғы жоспардағы 112,8 шақырымның 39,5 шақырымы кент және ауылдық округтердің үлесінде. Нақтыласақ, 38 көшеге орташа жол жөндеу жүргізілуде. Мәселен, осы көлемнің 3,2 шақырымы Қызылөзек ауылдық округінің үлесінде.

– Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, біз ең алдымен өзекті деген мәселелерді бірінші шешуге тырысамыз. Ауылда жыл сайын «неге орталық көшелерді жөндей бересіздер, шалғайда қалған жазығымыз ба?» деп, халық мәселе көтеретін. Биыл біз Қараөзек бекетінен үш елді мекенді қосатын күре жолға тіке шығатын көшені салып жатырмыз. Бұл жерде көшенің ізі ғана болатын, бұрын-соңды асфальт болмады. Осы маңда 20 шақты үй тұрады. Тіпті халықтың көпті қатынасында да өте күрделі мәселе еді. Биыл ауылдық округке 424 млн теңгедей қаражат бөлініп, бірнеше көшемізге тас төседік. Әуелі шет аймақтарды қамтамасыз етуге тырысып жүрміз, – дейді Қызылөзек ауылдық округінің әкімі Сәкен Әбдіжаппар.

Таяуда қала әкімінің қоғамдық қабылдауына да Санжар Асфендияров көшесінің тұрғындары жол мәселесін көтеріп барған еді. Көше тұрғыны Садық Рахов қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебайға мәселесін жеткізді.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Жолдың жайын жолаушыдан сұраған біздің өңірде аталған салада даму бар. Биыл қала, оған қарасты кент және ауылдық округтерде ұзындығы 112,8 шақырымға жететін 95 көшеге қайта жаңғырту, орташа және күрделі жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Әлбетте, қомақты қолдау бағытталғанмен, төкмейісуге жол жоқ. Өйткені басталған іс саналы аяқталмаса, мақсат пен мұратқа жетпегеніміз.



– Мен бұл көшеде 2002 жылдан бері тұрамын. Сол уақыттан бері көшеге бір-бір рет жөндеу жүргізілмеді. С.Асфендияров көшесінің вокзал жағында тұрамыз. Жаяу жүргіншілер жолын салып еді, салғаны бар болсын, көшеміздің жай-күйі нашарлап кетті. Енді біз жакқа да мойын бұрсаңыздар екен, – деді тұрғын.

Бұл мәселенің таяу маңда шешілетінін уәде еткен қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай тұрғындар алдында уәдесін де берді.

– Биыл жоба-металдық құжаттары дайындалып, алдағы уақытта міндетті түрде күрделі

жөндеуден өтеді. Халыққа қолайлы жағдай жасалады, – деді әкім орынбасары.

Тақырыпқа тұздық болсын, Белкөк кентінің К.Әбдіқалдыров көшесінің кіре-беріс бөлігіне жеке инвестор есебінен қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, аталған көшеге қалалық бюджеттен қаржы қаралып, халықтың жүріп-тұруына жағдай жасау мақсатында жаяу жүргіншілер жолы ел игілігіне табысталды. Бұл – саладағы атқарылып жатқан қыруар істің бір бөлігі ғана.

Аян СПАНДИЯР



«Қызылорда-Жезқазған»: БИЫЛ 140 ШАҚЫРЫМ БІТУІ ТИІС

Елді әбгерге салған автожолдың жағдайын жақсартуға Мемлекет басшысы да жіті назар салған. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аталған автомобиль жолы құрылысын бастауды және жолаушылар қатынасына қолайлы, сапалы етіп салуды тапсырған болатын. Бұған дейін мәселені шешуде кешеуілдеп жүрген Ұлытау облысында да қозғалыс бар. Бұл аумақтағы сегіз учаскенің құрылысымен айналысатын төрт мердігер анықталған. Оларға биыл күзде жұмысқа кірісу міндеті қойылды. Өйткенмен, «Жолдың жайын жүрген білер» дейді дана халқымыз. Жолаушылар тасымалымен айналысатын жеке автокөлік иелері бұл жолда мәселенің жетерлік екенін алға тартады.

– Уақытша айналып өтетін жолға жеңіл автокөлік пен жүк көліктері сыймай жатады. Оның үстіне, ол жерде қауіпсіздіктің сақталып жатқаны шамалы. Терезеге тас тиіп, сынып жатады. Түсінеміз, бәрі асығыс. Бірақ жан-жаққа бірдей қарасақ дейміз. Қазір біздің облысқа қарасты бөліктің көп жері дайын. Көз көріп жүрген соң айтамыз ғой, оны рет-ретімен дайын болғандарын жеңіл автокөліктер үшін пайдалануға бере берсе дейміз. Сол кезде жүк көліктері айналма жолмен емин-еркін, ешкімге зиянын тигізбей өтетін еді. Барлығымыздың табыс табуымыздың артында халыққа қызмет деген үлкен ұғым жатыр. «Илеп жатқанымыз – бір теріңді құшағың» екені өтірік емес. Біздің дайын жолды тек тексеру келгенде ғана емес, былайғы күндері де ашып қойса екен деген өтінішіміз бар, – дейді Максат Қанатұлы.

Басы 1-бетте



Осы жерде айта кеткен жөн, аталған жолдың Қызылорда облысына қарасты бөлігіндегі құрылыс 2022 жылы басталған. Оған шетелдік және жергілікті компаниялар жұмылдырылды. Бес асфальтбетон зауыты мен алты арнайы ұсақтау қондырғысы жұмыс істеп тұр. Аймақтағы бес учаскеде құрылыс қарқынды. Бүгінде мұнда 120 шақырым жолға төменгі қабатқа арналған жаңа асфальт төселді. Құрылысқа 900 маман және 450 арнайы техника жұмылдырылған. Әлбетте, сапа бірінші кезекте тұрады. Қазір тек бұл ғана емес, аймақтағы барлық жол құрылысының сапасына жіті мән берілген. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев таяуда ғана осы салаға байланысты бірқатар басшыларды сығна алған болатын.

– Мысалы 2022 жылы пайдалануға берілген жолдың жағдайы сын көтермейді. Неге

қолданысқа берілгеніне 2-3 жыл болмай-ақ мұндай халге жетіп отыр? Өйткені сапа жоқ. Аудан әкімдері сапаға мән бермейді, берілген тапсырманы орындамайды, – деді аймақ басшысы жауапты тұлғалардың жауапкершіліксіз әрекетін назарға алып.

Бұл сөз көптің ойында қалды. Өйткені, жер-жерде, көп елді мекенде жаңа жолдың күйі жыл болмай-ақ көнеріп жатқан деректер аз емес. Тіпті, қабылданбай жатып, жөндеу көріп жатқандары бар. Айтпақшы, министр сапарында республикалық маңызы бар «Самара-Шымкент» автомобиль жолының Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысы бағытындағы 566 шақырым бөлігін 4 жолақтыға (I-6 техникалық санатқа) ауыстыру мәселесі қаралды. Жобалау-іздістіру жұмыстарын, техникалық-экономикалық негіздемені, мердігерді осы жылы анықтау және жөндеу жұмыстарын 2025 жылдың 4-тоқсанында бастау жоспарлануда. Бұл бағытта жол-көлік оқиғаларының көбеюі көптен айтылып жүрген мәселе болатын. Мұның шешімі ретінде осы бастама көптің көкейінен шықпаны мәлім.

Н.ТҮРСЫНХАН



Сейдуали ӘБДІҚАДЫРОВ, Қосшыңырау ауылдық округінің әкімі:

УӘДЕ БЕРДІМ БЕ, ОНЫ ОРЫНДАУ – МІНДЕТІМ

– Сейдуали Әлайдарұлы, ауыл халқы өзіңізді ә дегенде қабылдай қоймағанын білеміз. Қазір халық қаншалықты қолдайды?

– Ауыл халқының жаңадан келген басшыға сын көзбен қарауы – заңды құбылыс. Мұнда әкім болып келгеніме де 3 жылға жуықтады. Осы аралықта үнемі ауыл ақсақалдарымен, аға буын және жастармен бірлесіп, ұсыныстарын талқылап, елдегі мәселелердің шешімін табуға нақты шаралар қабылдап жүрміз. Аймақ басшысының қолдауымен көптен күткен «көгілдір отын» да ауылмызға жетіп, бүгінде халық игілігіне пайдалануда.

Бұдан бөлек, ауыл көшелері жөнделіп, көше жарықтары да орнатылып, жаяу жүргіншілер жолдары салынды. Ауылдық округке қарасты

Басы 1-бетте

Досан ауылына медициналық бекет пайдалануға берілді. Абай ауылындағы саябақ абаттандырылып, көпшілік демалатын орынға айналды. Бұл жұмыстардың барлығы ауыл халқы тарапынан мәселе ретінде көтеріліп, бүгінде жүзеге асқан жобалар.

Әрине, біздің негізгі міндетіміз – халыққа адал қызмет ету. Осы ретте елді дамыту бағытында атқарылған жұмыстарымызға ауыл халқының көзқарасы жақсы деп ойлаймын.

– «Көгілдір отынды» айтып қалдыңыз. Қазір ауылда табиғи газға қосылмаған үйлер де бар екен. Не себеп?

– Ауылдық округке «көгілдір отын» 2023 жылдың аяғында, қыс мезгілінде қолданысқа берілді. Бұл уақытта ауыл тұрғындарының басым бөлігі отын-көмірін түсіріп алған, яғни қыста сатып алған отынды қажетіне жаратқандары бар. Ал қазіргі таңда ауылдың 70 пайызға жуығы

«көгілдір отынды» пайдаланса, қалған тұрғындар жыл соңына дейін қосылады деп жоспарлап отырмыз.

– Алты айда ауыз толтырып айтарлық іс атқардым деп ойлайсыз ба?

– Биыл ауыл әкімшілігінің жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар өз деңгейінде атқарылып жатыр. Қазіргі таңда абаттандыру жұмыстары аясында Абай және Досан ауылындағы ойын алаңдарына жөндеу жүргізілуде. Сонымен қатар ауылшілік көшелерге ағымдағы жөндеу жүргізілді. Жыл басынан жаңадан 15 кәсіпкерлік нысаны тіркеліп, 27 тұрақты жұмыс орны ашылды.

Ең өзекті мәселенің бірі – Досан ауылын талапқа сай электр қуатымен қамтамасыз ету және №2, 7, 12 көшелерге тас төсету қаржы бөліруге бюджеттік өтімді өткізді. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарына

қажетті қаржы күтілуде. Қаржы бөлінген жағдайда жыл соңына дейін тиісті жұмыстар жүргізіледі.

– Қай ісіңізге елден мақтау алдыңыз?

– Ауылдағы ең өзекті мәселе «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету еді. Аймақ басшысының қолдауымен ауыл тұрғындарының көптен күткен табиғи газға қолы жетті.

– Халық сізге қай мәселемен сын айтады?

– «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дегендей, ауыл тұрғындары тарапынан айтылған сын-ескертпелерді орындап келеміз. Қазіргі таңда Досан ауылын талапқа сай электр қуатымен қамтамасыз ету мәселесі көп айтылады. Бұл бағытта жоғарыда атап өткенімдей, жұбаны қаржыландыруды күтіп отырмыз.

– Елмен бірге бір жерден ауа жұтып, бір құдықтан су ішіп

жүрсіз бе? Әкім болғаннан кейін де біршама уақыт қаладан қатынап жүргеніңізді ел біледі. Қазір бұл жағдай қалыпқа келді ме?

– Әрине, елмен біргеміз. Ауылға басшы болып келгенімде, ауыл тұрғыны қолдау білдіріп, Абай ауылының Жамбыл көшесіндегі бос тұрған үйін пайдалануға берді. Сол үйге орналасып, қоныстандым. Қазір денсаулығымға байланысты қаладан қатынап жүрген жағдайым бар. Енді алдағы күні ауылда тұруды жалғастырамын.

– Елге берген уәденізді орындап жүрсіз бе?

– Қазақ «Уәде – Құдай аты, уәдесіз Құдай шет» деген сөз бар. Уәде бердік пе, оны орындау – міндетім.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен
Дәулет ҚЫРДАН

Қызылорда қаласы әкімінің 2024 жылғы 16 шілдедегі №1195 қаулысы

ЖЕР УЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН АЛЫП ҚОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕЙЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ, «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы №04-9/4 және 2024 жылғы 20 мамырдағы №04-7/667 хаттарын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Азамат Сайлау Ержан Бауыржанұлының Қызылорда қаласы, Жанқожа батыр көшесі, №68-4 үй мекенжайындағы жеке тұрғын үй құрылысы үшін көлемі 527,90 (бес жүз жиырма жеті бүтін жүзден тоқсан) шаршы метр (кадастрлық нөмірі 10-156-008-894) жер учаскесінтемір жол арқылы жер асты автокөлік өткелін салу мақсатында мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 18 қазан болып белгіленсін.

3. Мемлекеттің жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантөев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыларды ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулыға көп қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі
С.ҚОЖАНИЗОВ

ТЫРЫСҚАҚ – АСА ҚАУІПТІ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ

Тырысқақ – аса қауіпті карантинді, жедел жұқпалы ауру.

Тырысқақ ауруы – қоздырғыштың ауыз қуысы арқылы жұғатын жұқпалы ішек ауруы, ол ағзаның су-тұз, белок алмасуының бұзылуымен ағзаның сусыздануымен сипатталады.

Аурудың жұғу жолдары: дертке шалдыққан адаммен қарым-қатынаста болып, оның заттарын қолданғанда, жеке бас гигиенасын сақтамаудың салдарынан, инфицирленген суды қолданғанда немесе сол суда шомылу кезінде суды жұтып қойған жағдайда, көкөністерді жумай пайдаланғанда және ластанған қол арқылы ауыз қуысына қоздырғыштың ағаға түсуімен таралады.

Тырысқақ қоздырғышы суда, ашық су қоймаларында, тағамдарда бірнеше айға дейін сақталады.

Аурудың жұғу көздері: тырысқақпен ауырған науқас дер кезінде емделмесе немесе жасырын түрі болғанда қоршаған ортаға ауру адамның нәжісі, құсығы арқылы таралып кетуі мүмкін.

Аурудың белгілері: Ауру аяқастынан басталады. Іштің өтуі ауырсынусыз басталып, жиілігі тәулік бойына бірнеше мәрте өтіп, артынан құсық қосылады. Ағзаның сусыздануы басталады. Жағдайы нашарлап, әлсіздік, шөл, ауыз қуысы құрғап, денесі мұздайды. Уақытылы ем қолданбаса өлімге әкеп соқтыруы мүмкін.

Есте сақтаныңдар! Тырысқақ аурумен ауырмау үшін:

– әрбір адам жеке бас гигиенасын қатаң сақтауы керек;

– жеміс-жидек пен көкөністерді тағамға қолданар алдында міндетті түрде жуу, қайнаған сумен шаю, суды және сүтті тек қайнатып ішу, тағам өнімдерін шыбындардан сақтау, қолды сабынмен жуу, күдікті не көшеде сауда жасайтын адамдардан тағам және су сатып алмау керек;

– арнайы дүкендерден таза, барлық санитарлық талаптарды сақтаған сауда орындарынан тағам және сусындарды сақтаған абзал;

– су көздерін әр түрлі ластанулардан сақтау керек;

– барлық қоқыстарды салатын шелектердің, ыдыстардың беті тығыз жабылғаны дұрыс және қоқыстарды жинайтын орындарды жүйелі түрде залалсыздандырып отыру қажет.

Адам ауырған жағдайда немесе ауруға күдік туған жағдайда тез арада дәрігер көмегіне жүгініп, науқас жұқпалы аурулар ауруханасына оқшаулану керек.

Ф.РСАЛПЕВА,

Қызылорда облағы қарсы күрес станциясының тырысқақ зертханасы меңгерушісі

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

Тігін тігу, он саусағынан өнер тамған ісмерлік кез келген адамның маңдайына бұйырмаған бақ. Тігіншілік те қанмен келген қасиет секілді. Адамды шеберлік әлеміне тартып, баурап алады. Бойында бұл өнерге құштарлығың болмаса, оны игеріп, кәсібіңнің шыңына шығып, елдің көңілінен шығу мүмкін емес. Бұған қоса, жаңалықтан қашпай, іздену, кәсіби біліктілігіңді елдің талғамына сай шыңдап отыру керек. Сонда ғана көп жылғы еңбегің мен маңдай теріңнің рахатын көресің. Бүгінгі кейіпкеріміз Жанар Прекеева тігіншілік кәсібін өркендетіп, қазақтың ұлттық брендин қалыптастырып отырған жеке кәсіп иесі. Кәсіпкер жуырда мемлекеттік грантты ұтып алып, өз кәсібін жандандыруға бет бұрды. Мемлекеттік бағдарламаның игілігін көріп отырған жас ана мұндай мүмкіндікке қол жеткізгеніне дән риза.



Жанар ПРЕКЕЕВА, жеке кәсіпкер:

Мақсатым – ұлттық брендін шешелге таныту

– Мемлекеттік грантты жеңіп алғанға өте қуаныштымын. Менің қалауым – тігіншілікті дамыту. Сол берілген қаржыға 500 мың теңгедей ақша қосып лазер құрылғысын алдым. Кәсіппен айналысқанға 7 жылдай болып қалды. Бұл кәсіпке түбегейлі бет бұрмай, тұрақты жұмысыммен қоса аткарып жүргенмін. Алдымен сипілімнің кәсібін дамытуға көмектестім. Мақсатым – қазақтың ұлттық нақыштағы бұйымдарын жасап, ұлттық брендін қалыптастыру. Перде де, көрпе-көрпеше де тігеміз. Бесік жабдығынан бастап, сүңдет той, бесік той, қыз ұзату, тұсау кесу, құдалық рәсіміне қатысты барлық кәдесыйлар мен ұлттық бұйымдарды ерекше ою-өрнекпен әшекейлеп дайындаймыз. Бүгінде бұйымдарымызға аймақтағылар ғана емес, еліміз бойынша, тіпті шетелден де тапсырыс түседі. Сұраныс өте көп, – дейді кәсіпкер.

Сөзарасында тігін шеберіне бұл жетістікке қалай жеткендігін сұрадық. Жанар табысқа жету құпиясын айтты. «Өрнек, кәсіпті игеру жолына тоқталсам, барлығы оңай болды деп айта алмаймын. «Бейнесіз зейнет жоқ» қой.



Бұл жетістікке қажырлы еңбектің арқасында қол жеткіздік. Барін нәзікден бастағанмын. Мойнымда көп қарыз да болды. Мемлекеттен қолдау болмаса мұндай жағдайға жетпес едім. Өзім білім саласында өткен жылдың қыркүйек айына дейін қызмет атқардым.

17 жылдық еңбек өтілім бар еді. Әрі қарай ақысыз демалыс алдым. Осы жылдың мамыр айында жұмыстан өз еркіммен шықтым. Қазір бизнесті дамытуға түбегейлі бет бұрдым. 3 бала тәрбиелеп отырмын. 1 балам наукас. Осы ерекше балам менің армандаған мамандығымға қол жеткізуге көмектесті.

Бүгінде 2 үлкен цехым бар. Екінші цехтың жұмысын мамырда бастадым. Ғимарат жалдап отырмыз. Осылайша, отбасылық кәсіпті дамытып жатырмыз. Өнім өте көп. Сапаға қатты көңіл бөлемін. Мақсатым – әлемдік деңгейде қазақ халқының ұлттық брендин қалыптастыру, – дейді хас шебер.

Өмір жолында қанша қиындыққа кезігіп, ерекше бала тәрбиелеп, оның мұн-мұқтажын көтеріп, білім саласында жұмыс істей жүріп, кәсібін өркендетіп, қазақтың ұлттық бұйымдарының брендин әлемге танытуды көздеп отырған жеке кәсіпкер Жанар Прекееваның кәсіптік осу жолы көпке үлгі.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Анананың қадірі

Көздірігін шешіп, суланған жанарын сүрткендей болды. Анасына жекіп сөйлеген баланың әрекетіне шыдай алмады, білем. Бойында ата-ананың мейіріміне жүдеп-жадаған жетімектің болмысы еді... Жұпыны киінген ананың баласының алдында кішірейіп, кінәлі болып тұрғаны оның жанына батты.

– Балам, мұнда келші, – деді жасы отызға таяған жігітке.

Таяғына сүйеніп отырған күйі әлгі кісіні шақырып алып, күрсіне сөз бастады.

– Сен, мені тыңда, балам. Байдың баласы деп, мені анаммен бірге жер аударды. Ол уақытта небәрі алты жаста едім. Әкемді ату жазасына кесті. «Елмен бірге көрерміз» дегеннен басқа шара бар ма?! – Көке, менің уақытым жоқ. Біреудің тірлігіне араласпай, жайыңызға жүрсеңізші.

– Балам, алдымен тыңда, қажетіне жарамаса, қоя қоярсың, – деп, құлақ аспасына қоймады.

Сәл үнсіздіктен кейін алысқа көз тастаған күйі әңгімесін қайта жалғайды.

– Біреулер тоңып өліп жатты, біреулер аштан қырылды. Тар қапаста ауа жетпей өлгендер көп еді... Тас қабырғаның төбе тұсында саңылау бар-тұғын. Ол жаққа кезектесіп, амадан ауа жұтуға ауысып-ауысып отырып жатты. Өйтеуір, бір уақытта атам сол жерден орын тауып, отырды да, мені иығына мінгізді. Ал мен анамның иығында тұрып, сырттан ауа жұттым. Көшеде де жетісіп жүрген ешім жоқ. Жүруге жарамағандарды тұрған жерінде атып кетіп жатты.

Ақсақалдың жанарын жас жуды. Тәуелсіздік жылдарындағы қиын кездің өзін көрмеген әлгі жігіт тіпті не дерін білмей қалды. Оның ойы сан-саққа кеткен еді. Қалдирін білмей жүрген мына бейбіт, мамыражай тіршіліктің маңызын енді ғана түсіне бастағандай болды.

– Мен әлгі саңылаудан ауа жұтып тұрдым. Бәлкім, бір сағат, екі сағат па, әйтеуір, әлден уақытта мені көтеріп тұрған анамның иығы мұздай бастады. Қатайып қалған өлі денесі бір жаққа қарай қисайып бара жатты. Сен түсінесің бе, атам маған бір сәт таза ауа жұтқызу үшін өзінің өмірін қиды. Мына менің өмір сүріп, ізін жалғауым үшін. Дәл қазір анамды көріп, құшақтап, бетінен сүю үшін, бауырыма басып, перзенттік парызымды орындау үшін мен жанымды беруге дайымын. Ал сенің істеп тұрғаның мынау. Біздің қолымыз жетпей жүрген бақ сенің басында тұр ғой, балам, – деді тамағына өксік тығылып.



Әлгіде ғана өзін өмірге әкелген асыл жанға өктем сөйлеп, оның көңіліне қауу түсіріп тұрған жігіт қапелімде не дерін де білмей қалды. Саябақтың орындығында достып, тұнжыраған кейіпін отырған ананың шашы да осы балаларды қайтсем жеткіземін деп ағарған еді. Оның бетіндегі әжіміңіз әрбір сызығы оның жүріп өткен өмір жолында көрген қиындығындай. Сырттай қарап, тосырақ қалды. Тіпті ақсақалға не алығ айтарын, не ашуланарын түсінбей дал. Оның жан дүниесінде алай-дүлей болып жатыр. Анасының алдына барып, бірден бүлдіріп қойған баладай басын төмен салып тұрды да, қапсыра құшақтай алды. Аузына сөз де түспеді. Тек құшақтап алды, жібергісі келмеді. Жанарынан тайғанаған ыстық жас жерге тамды.

Ақсақал сәл жымыды да, таяғына сүйеніп, орнынан тұрды. Енді ғана түсініскен ана мен баланың бір-біріне деген сағынышы мен ықыласына риза болды.

Жапырақтары төгіле өскен ағаштар арасында қария кетіп барады. Ол ұзап, нүктеге айналамын дегенше, кінәлі бала одан көз алмады. Солқ-солқ етіп жылап, іштегі шерін шығарып отырған анасын бұған дейін түсінбегені үшін өзін жек көрді...

Аян СПАНДИЯР

20 ШІЛДЕ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТОРТ КҮНІ

Асхат БАЙДАУЛЕТОВ, кондитерлік цех директоры:

ТОРТ АРҚЫЛЫ ӘРБІР ҮЙГЕ ҚУАНЫШ СЫЙЛАЙМЫЗ

20 шілде – халықаралық торт күні. Бұл мерекенің тарихы ертеден басталады, ол кезде торттар үлкен мереке мен молшылықтың символы болған. Уақыт өте келе торттар туған күндерден бастап үйлену тойларына дейін түрлі мерекелердің ажырамас бөлігіне айналды.

Қазіргі торттарды еске түсіретін тәтті тағамдар тіпті Мысырда да табылған. Бұл мерекелік тәттілердің тарихы бай екенін көрсетеді. Тарихшылар тортты нақты білмесе де, оның тарихы шамамен екі мың жыл бұрын басталған деп санайды. Лингвисттер пікірінше, итальяндық «Торта» сөзі «Дөңгелек нан» дегенді білдіреді екен, яғни алғашқы торттар Италиядан шығуы мүмкін. Сонымен қатар ежелгі грек қалаларында ою-өрнекпен безендірілген ұннан жасалған нан өнімдерінің табылуы алғашқы торттардың Грецияда пайда болуы мүмкін дегуге де негіз бар. Уақыт өте келе торт мерекені бейнелейтін нағыз өнер туындысына айналды. Модельдеу мен сурет салуды зерттеген XVII ғасырдағы француз кондитерлері бисквит, безе және кілегейден күрделі композициялар жасап, кондитерлік саланың дамуына үлкен үлес қосты. Алғашқы көп деңгейлі торттар композициясы XVIII ғасырда Лондонда пайда болып, молшылық пен сән-салтанаттың символына айналды. Ресейде мерекелік нан пісіру дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері болды: мұнда той үстелінде қамырдан жасалған гүлдер мен пішіндермен безендірілген нан болды. Уақыт өте торт күрделі және әртүрлі болды. Кондитерлер тортты пісіру үшін карамель, безе және майлы крем сияқты жаңа қоспаларды, сондай-ақ әртүрлі пішіндер мен өлшемдерді пайдалана бастады. Бірегей рецептермен және теңдесі жоқ шеберлігімен танымал шығыс тәттілері түрлі торт дайындауға әсер етті. Шығыста ертеде тәттілер аспаздық өнердің жоғары деңгейін көрсететін еді.



Халықаралық торт күнінің тақырыбын жалғастыра отырып, тортты дайындаудың қыр-сырын және осы тәтті шедеврлердің өмірімізді жарқын ететінін білу үшін кондитерлік цех директоры Асхат Байдаулетовпен сұхбаттасқан едік. Ол кондитерлік саланың көпжылдық дәстүрі, әрбір мерекеге ерекше дәм берудің қаншалықты маңызды екендігі туралы айтып, өзінің білімі мен тәжірибесін бөлісті.

– Кондитерлік саланы дамыту үшін бизнес бастадым. Алғашында Шымкент пен Алматының өнімдерін көтерме бағамен түрлі дәмхана мен дүкендерге ұсынып, сатумен ғана айналыстым. Бұл тәжірибе маған нарықтың қыр-сырын түсінуге ғана емес, сонымен қатар өз бизнесімді дамытуға мүмкіндік берді. Өзіміздің кондитерлік өнімдерді жасауға көшетін кез келді деп шештім. Бизнесті ашу үшін танысымын кондитерлік цех ашуды жоспарладық. Біздің мақсатымыз айқын болды – қалада дәмді ғана емес, сонымен қатар табиғи таза, ең жақсы тәттілер мен торттар шығару. Біз рецептердің алуан түрлерін зерттеп, дәм мен сапаның тамаша үйлесімін табу үшін қоспалардан тәжірибе жасауды бастадық. Біздің кондитерлік өнерге деген қызығушылығымыз және шын мәнінде ерекше нәрсе жасауға ұмтылысымыз жоғары сапалы өнім шығаруға ықпал етті, – дейді Асхат Нұралыұлы.

Қазіргі таңда цехта кондитерлік өнімдерге, әсіресе, тәтті крем дәммен тұрғындардың жүрегін жаулаған «Молочная девочка» тортына деген қызығушылық ерекше артуда. Қытырлақ торт пен хош иісті пісте кремнің керемет үйлесімі «Фисташка қосылған орамал» те өте танымал. Жанандан шыққан «Тары чизкейк» бар, мұнда дәстүрлі ірімшік торттары жергілікті сөк пен талқан қосып жасалған. Бұл десерттер көз тартарлық түрімен көзді қуанытп қана қоймай, сонымен қатар ерекше дәммен тамсантады.

Цехтың кондитерлері жаңа дәм мен рецептерді жасау үшін тынымсыз еңбек етеді. Бұл өнімдердің әрқайсысы аспаздық шеберлік пен шығармашылықты көрсетіп қана қоймай, шынайы өнер туындысы дегуге болады. Қала тұрғындары бұл десерттерді дәмді үшін ғана емес, сонымен қатар қоспалардың сапасы, өзіндік ерекшелігімен де бағалайды. Біздің кондитерлік өнімдерді өндіруде ең жақсы қоспаны таңдай отырып, жоғары сапа стандарттарын ұстанамыз. Кілегейден ірімшікке дейін әрбір құрамдас бөлік «Халал» стандарттарына сай қоспаның сапасы кондитерлік өнімдердің дәміне тікелей әсер етеді. Біздің ұстаным – жоғары сапа өз жемісін береді, бұл керемет дәмді ғана емес, сонымен қатар әрбір тағамның қауіпсіз және денсаулыққа пайдалы болуы. Біздің рецептермізде қолданылатын барлық қоспалар да «Халал» стандарттарына сәйкес келеді, бұл біздің өнімдеріміздің сапасы мен қауіпсіздігінің кепілі, – дейді Асхат Байдаулетов.

Кондитерлік цех директорының айтуынша, керемет тортты жасаудың құпиясы оның құрамындағы заттардың сапасында немесе безендірудің күрделілігінде ғана емес, кондитердің көңіл-күйіне де байланысты.

Кондитер тортты жақсы көңіл-күймен және ықыласпен жасағанда, әрбір процесі, әрбір әрекеті жылулықпен қамқорлыққа толы болса, торттың жақсы шығуына әсер етеді. Есіңізде болса, бала кезіңізде анаңыз құйған шай арқашан ерекше тәтті және хош иісті болатыны сияқты,

София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу нөмірі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдарды пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына аяқталып, хабарландыру нәсінін жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.

Таралымы 3437 Тапсырыс №1131

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН